

АО «НК «ҚТЖ» ВСЕГДА ОКАЗЫВАЛО И ПРОДОЛЖАЕТ ОКАЗЫВАТЬ ПОДДЕРЖКУ БАЗОВЫМ ОТРАСЛЯМ ЭКОНОМИКИ. И ПРИ ВСЕХ ТЕХ СЛОЖНОСТЯХ, С КОТОРЫМИ СТАЛКИВАЕТСЯ, УЖЕ ГЕНЕРИРУЕТ ПРИБЫЛЬ. НО ЧТОБЫ БОЛЕЕ РАДИКАЛЬНО ПРОТИВОСТОЯТЬ ВНЕШНИМ ВЫЗОВАМ, УСКОРЕННО ВОПЛОТИТЬ В ЖИЗНЬ НАМЕЧЕННЫЕ ПРЕЗИДЕНТОМ СТРАНЫ ПЛАНЫ, НУЖДАЕТСЯ В ПОДДЕРЖКЕ ГОСУДАРСТВА.



Юрий ЛАВРИНЕНКО,  
председатель Совета директоров АО «НК «ҚТЖ»



№60 (2775)  
05/08/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## БЛАГОПОЛУЧИЕ РАБОТНИКОВ ПРЕВЫШЕ ВСЕГО

**Зарплата основного производственного персонала АО «НК «ҚТЖ» за последние полтора года повышалась трижды.**

**Роман ЛЮБИМОВ,**  
Нур-Султан

Являясь крупной национальной компанией Казахстана с численностью персонала свыше 113 тысяч человек, АО «НК «Қазақстан темір жолы» уделяет вопросам повышения благосостояния и доходов работников особое внимание.

Компания прилагает усилия для обе-

спечения безопасности и охраны труда и дальнейшего повышения социального благополучия работников. С учетом финансовых возможностей принимаются меры по повышению уровня заработной платы. Так, в 2021 году зарплату сотрудникам компании повышали дважды (1 января и 1 июля) по 10%. На эти цели направлено более 63 миллиардов тенге.

С 1 января 2022 года произведено диф-

ференцированное увеличение заработной платы в зависимости от группы разрядов. Основной акцент повышения был сделан на производственный персонал – это около 100 тысяч человек. Заработная плата рабочих специальностей выросла от 25 до 41%. На указанное повышение выделено 70 миллиардов тенге.

Таким образом, за 1,5 года произведено существенное повышение заработной платы работников основного производственного персонала. Такого увеличения не было с 2013 года.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## КӨМІР ЭКСПОРТЫ АРТҚАН

Ағымдағы жылдың қаңтар-шілде айларында ҚТЖ желісі бойынша 147 млн тоннадан астам жүк тасымалданған.

Нақтылар болсақ, ағымдағы жылдың алғашқы жартыжылдығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісіне жүк тиеу 147,6 млн тоннаны құрап, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 0,1%-ға артық болып отыр. Соның ішінде ішкі тасымалдар көлемі 2,7%-ға дейін өсіп, 97,8 млн тонна, ал экспорттық тасымалдар 49,7 млн тонна жүкті құрады.

Сонымен қатар осы жылдың 7 айының қорытындысы бойынша 62 млн тонна көмір тиелген, бұл өткен жылдың деңгейінен 4,6%-ға жоғары болып отыр. Оның ішінде, ел ішіне жөнелтілгені – 42,4 млн тонна. Қатты отын экспорты 12,2%-ға өсіп, 19,7 млн тоннаны құрап отыр. Астық тасымалдау көлемі 4,9 млн тонна деңгейінде, оның ішінде экспортқа жөнелтілгені – 3,7 млн тонна.

Осы кезеңде химиялық тыңайтқыштарды тасымалдау 2,4 млн тоннаны құрап, 7%-ға, мұнай жүктерін тасымалдау 10,5 млн тоннаға дейін өсіп, 4,1%-ға, құрылыс жүктерін тасымалдау 8,8 млн тонна болып, 1%-ға ұлғайды. Темір және марганец кендерін тиеу 12 млн тоннаны, ал түсті кен тиеу 13 млн тоннаны құрады.

Ислам ТАЛҒАТ

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ

**147** МЛН  
ТОНН

ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО  
ПО СЕТИ ҚТЖ  
В ЯНВАРЕ-ИЮЛЕ  
2022 ГОДА

ПРОДУКЦИЮ НА СУММУ  
ОКОЛО

**57** МЛН  
ТЕНГЕ

ИЗГОТОВИЛ  
КОНСТРУКТОРСКО-  
ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫЙ  
ЦЕНТР ҚТЖ

ПОГРУЗКА  
КАМЕННОГО УГЛЯ  
С НАЧАЛА ГОДА  
СОСТАВИЛА

**62** МЛН  
ТОНН

## Жоба

### АЯГӨЗ – БАҚТЫ: техникалық негіздемесі жасалуда

**Қазақстан темір жолының 25 жылдық мерейтойы қарсаңында тағы бір ауқымды әрі тың жоба жүзеге асырылмақ. Қазақстан мен Қытай арасындағы үшінші теміржол өткелі болады деп жобаланып отырған Аягөз – Бақты телімін салу мәселесі пісіп жетілуде.**

**Абай ЕРТІС,**  
Семей

Мемлекеттік деңгейдегі айтұлы жоба – Аягөз – Бақты теміржолын салу таяу болашақта жүзеге асырылады. Бүгінде құрылыс жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп жатқан көрінеді. Бұл туралы теміржолшылар қаласы Аягөз қаласында өткен халықпен кездесу жиынында Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранбаев мәлім етті. Президент тапсырмасының жүзеге асырылуы жергілікті атқарушы биліктің назарында тұр.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының теміржолшыларға міндеттемесі жөнінде жуырда Семей ЖТ бөлімшесінің бастығы Владимир Бабиченко да айтып өткен болатын. Осы мақсатта бөлімше тарапынан

арнайы топ құрылып, кешенді жұмыс жүргізілме. Атап айтсақ, Аягөз станциясы мен Бақты кеден бекеті арасындағы 270 шақырым аумақ арнайы мандардың көмегімен толық зерттелме. Алынған нәтиже мемлекеттік комиссия назарына ұсынылатын болады. Қазіргі болжам бойынша желі бойында Бақты, Мақаншы, Ұржар, Таскескен сынды бірқатар жаңа станциялар пайда болуы жобаланған.

Ал, Қарамай – Тачэн – Аягөз – Бақты транзиттік теміржол бағыты Ресей федерациясы мен Монғолияны да жалғай алатын әлеуетке ие. Сондықтан да, маңыздылығы зор. Ол туралы көрші елдің «Ведомости» тәрізді іскерлік бағыттағы басылымдары да сараптамалық материалдар жариялауда.

– Қазіргі күні Семей ЖТ бөлім-

шесінің Ресеймен шекаралас Локоть станциясындағы жүк ағыны күрт артып отыр. Нәтижесінде жергілікті теміржолшылар үшін жүктемеді көбейткен. Жылжымалы құрамдар саны ақпан айымен салыстырғанда 8-9 пойызға артқан. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта да ұлғая бермек. Қытайға ағылған құрамдар Достық станциясының қабылдау жүктемесіне елеулі салмақ түсіруде. Бұл да Аягөз – Бақты жобасын жүзеге асыруды жылдамдата түспек, – дейді бұл орайда Семей ЖТ бөлімшесінің логистика және жүк тасымалы бөлімі мамандары.

Болжам бойынша Қытай тарапы және инвесторлар дайын отырғандықтан жаңа жоба алдағы жылы басталуы тиіс. Бұл ел шығысындағы теміржол желілерін салу бойынша үшінші әрі ең күрделі жоба болмақ.



**Беріхан БЕРКІМБАЕВ,**  
«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Батыс  
аймақтық филиалының бастығы:



**БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАНДЫ ШИЫРЛАП ЖАТҚАН ТЕМІР ЖОЛЫ БАР ЕЛ ҮШІН РЕЛЬС ПЕН ШПАЛДЫҒЫ ӨЗІМІЗДЕ ӨНДІРІЛУ МАҢЫЗДЫ. ОСЫ РЕТТЕ, АҚТӨБЕ РЕЛЬС-АРҚАЛЫҚ ЗАУЫТЫ – ҚТЖ-НЫҢ БІРЕГЕЙ ЖОБАСЫ. ҚАЗІР ӨЗ АЛДЫНА ЖЕКЕ КӘСІПОРЫН, ОТАНДЫҚ ТЕМІРЖОЛ СҰРАНЫСЫНАН БӨЛЕК ӘЛЕМНІҢ ОҢДАҒАН ЕЛДЕРІМЕН ӨРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫС ОРНАТЫП, ӨНІМІН ЭКС-ПОРТҚА ЖӨНЕЛТІП ОТЫР**



## ПЕРЕВОЗКИ ПО ПЛАНУ

С начала года объем перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай на транзитных сервисах совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси АО «ОТЛК ЕРА» достиг 372,8 тысячи ДФЭ.

Объединенная транспортно-логистическая компания является ключевым партнером нового Dostyk TransTerminal. За год с момента запуска в июне 2021-го на этом терминале перегружено 129 тысяч ДФЭ, и большая часть из них – 115 тысяч – пришлась на проекты ОТЛК ЕРА. Оператор терминала совместно с ОТЛК ЕРА планирует открыть представительство в Китае, чтобы предлагать клиентам комплексную услугу по перевозке груза со станции отправления до станции назначения, гарантируя сервис на всем пути следования.

Этот год для совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси начался со снижения объемов, но постепенно они начинают восстанавливаться.

Любовь РОББА

## НА ПУТИ ОБНОВЛЕНИЯ



**В рамках летне-путевых работ в Акмолинской области капитально отремонтировано около 30 километров, том числе на железнодорожных участках Атбасар – Адыр, Кауданды – Смирново. Плановые работы по ремонту железнодорожной магистрали в регионе проводятся ежегодно.**

**Айлин БАУРЖАН,**  
Кокшетау

В рамках запланированных работ в регионе будет отремонтировано свыше 69 километров пути, из них капитально – 63,45, средним – шесть километров. Также предусмотрена сплошная смена 1,6 километра шпал, заменено 14 стрелочных переводов.

Начат капитальный ремонт пути на участке Акколь – Ельтай, Атбасар – ОП-86, уложено восемь

километров новых рельсовых плетей, в плановом порядке произведена замена четырех пар старогонных рельсовых плетей. Кроме того, в текущем году запланировано строительство 70 километров скотоизгороди и ремонт 25,4 километра. На сегодня железнодорожники уже возвели 38 и отремонтировали более 10 километров.

При проведении работ железнодорожники используют специальную путевую техни-

ку. Так, для разборки и укладки рельсошпальной решетки применяются разборочный и укладочный краны УК25/18-25; для перетяжки рельсошпальных пакетов с питающего состава на укладочный кран используются моторные платформы МПД. Также в работах участвуют выправочно-подбивочно-рихтовочные, лутерформовочные машины, платформенные, оборудованные универсальным съемным оборудованием и т.д.



Силами железнодорожников, согласно плану модернизации объектов инфраструктуры, произведены подготовительные работы по установке двух модулей постов электрической централизации – на станциях Жасыл, Тонкерис. На тяговых

подстанциях Уголки, Ельтай, Жалтыр смонтированы три силовых трансформатора, которые позволят улучшить устойчивое электроснабжение объектов железнодорожной инфраструктуры.

Проведено специальное обсле-

дование и ремонт кранов трех восстановительных поездов, расположенных в границах отделения, приобретено восемь новейших мотопомп для пожарных поездов. Согласно мероприятиям по подготовке к зиме, проведен текущий ремонт более 70 производственных зданий.

Согласно плану компании, продолжается работа по передислоцированию и монтажу оборудования диспетчерских кругов Костанайского, Павлодарского, Карагандинского, а также Акмолинского отделений в один Региональный центр управления перевозками, который будет расположен в городе Нур-Султане. Данное решение позволит оперативно управлять движением поездов Северного региона.

Фото автора

## ЖАҢА ТИПТІ ҚОСЫН САЛЫНДЫ

**Қосұым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау



Құлсары белгі беру және байланыс дистанциясы Құлсары-Бейнеу телімінің 467-бекетіндегі ескі электрлік орталықтан-дыру қосынын жаңа типті модернизацияланған постқа ауыстырды.

Жаңа ЭО-пост жұмысты әлдеқайда жеңілдетті, ең бастысы шапшаңдық пен сенімділік шұғыл әрекет етуге, өнімді жұмыс жасауға мүмкіндік берді.



– Мұнда бағдаршамдар, бұрмалар, басқа да белгі беру құрылғылары автоматты түрде басқарылады. Айта кетерлігі, дистанция мамандары ЭО қосынының жаңа ғимаратқа көшіріліп, желілерді қайта жалғау жұмыстарын өз күштерімен жүргізіп, барлық тетіктерін іске қосты. Енді қыркүйек айына 465-бекетін де жаңа типті модернизацияланған электрлік орталықтандырылған постқа ауыстыру жұмыстары жоспарланып отыр, – дейді бөлімшенің СОБ және электрмен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Амангелді Бержанов.

Сондай-ақ, былтырғы жылы сигнализация және байланыс шаруашылығы бойынша бірқатар учаскелерде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүріп бара жатқан жылжымалы құрамның техникалық жағдайына автоматты бақылау жасайтын КТСМ құрылғысы іске қосылған болатын. Құлсары және Атырау дистанцияларында Мақат-Құлсары учаскесі бойынша Бек-Бике разьезінде, Құлсары-Бейнеу учаскесінде Қоркөл станциясында, Атырау-Ақсарай учаскесі бойынша Тұманды мен Д.Нұрпейсова бекеттерінде 7 дана контейнерлік типтегі жаңартылған модульді техникалық құралдар кешені орнатылған. Биылғы жылдың 3-ші тоқсанына да Атырау белгі беру және байланыс дистанциясында Атырау-Қығаш телімінің Аққыстау, Исатай, Афанасьев бекеттеріне пойыз қозғалысы кезінде жылжымалы құрамның техникалық жағдайын автоматты түрде бақылауға арналған 6 дана жаңартылған контейнерлік техникалық жабдықтар кешенінің жүріс модульдерін орнату жұмыстары жоспарланып отыр.

Суретті түсірген автор

## ЖОЛАУШЫ ВАГОНЫНА – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау



«Вагонсервис» АҚ-ның Маңғыстау телімінде жұмыс қызып тұр. Теміржолшылар жолаушы тасымалы артқан маусымда вагондарды уақыттылы сапарға дайындап жолға салу үшін барын салып жатыр.



Ең үлкен бағыттардың бірі – №037-038 пойызы қатынайтын Маңғыстау-Семей бағдары. Бұл – жұп күндері келетін құрам. Сондықтан бұл күндері ТҚ-1 техникалық қызметінен күніне 1-2 құрам өтеді. Жалпы бағытта үш құрам, әрқайсысында 17-18 вагоннан бар. Кейде билетке сұраныс көбейіп, қосымша вагондар шығарылса, бұл қызметке жүгінетін вагондар саны да арта түседі екен.

– Бір-екі жыл бұрын Маңғыстау-Алматы пойызының екі құрамасына қызмет көрсететін едік. Ол қазір Алматыдағы әріптестеріміздің еншісінде. Бізде енді қатынасы жағынан Семейге қатынайтын пойыздан кейінгі орында тұрған бағыттар – Маңғыстау-Атырау-Ақтөбе. Бұлар екі күн сайын келіп, қызметін алып кетеді. Одан бөлек халықаралық бағытта жүретін төрт вагоннымыз бар. Ол – Маңғыстау-Астрахань тіркеме вагондары. Оған тақ күндері қызмет көрсетіледі. №657-658 Маңғыстау-Бейнеу жекеменшіктегі қаламаңы тасымалы да бізден қызметтен өтеді. Оның екі құрамы бар, жүргендіктен тиісті қызметте күнде жасалады. Жалпы, қай-қайсы маршрутқа, қандай пойыз болмасын бәрине техникалық қызметті сапалы және дер уақытында көрсетуге күш саламыз, – дейді «Вагонсервис» АҚ Маңғыстау телімінің шебері Қосай Сейтқалиев.

Мекемеде осы айдың ішінде 7 вагонға ТҚ-3 санатындағы жөндеу жүргізілген. Жарты жылдан өтетін мұндай жөндеуге келесі айда тағы да 20 шақты вагон жоспарланған. Сонымен қатар жақында оншақты вагон жылына бір рет жасалатын деполық жөндеуге Қызылордаға жіберілген. Бұл вагондар сол жақта толық ревизиядан өтіп, ақаулары жөнделіп, 20-25 күннен кейін келіп, қатарға қайта қосылады екен.

Суретті түсірген автор

## ТОРАПТЫҚ СТАНЦИЯ ДИСПЕТЧЕРІ

Еліміздегі ірі тораптық станция Павлодарда жиырма жыл станциялық диспетчер болып жұмыс істейтін Эрик Сүлейменовті әріптестері өте талапшыл, сауатты, білікті ұйымдастырушы деп біледі. Кейіпкеріміздің жалпы темір жол саласындағы еңбек өтілі 30 жылдан асып жығылады.



**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Эрик Кәрімұлы Павлодардағы кәсіптік білім беретін оқу орнын бітіріп, теміржол саласындағы еңбек жолын Тың темір жолына қарасты Павлодар-Оңтүстік станциясында пойыз құрастырушының көмекшісі болып бастаған. Екі жылдан соң пойыз құрастырушы

болды. Бұдан кейінгі жылдары тәжірибе жинақтап, электрлік орталықтандыру қосынының кезекшісі, станция кезекшісі жұмыстарын атқарды. 2002 жылдың 1 наурызынан бастап станциялық диспетчер қызметіне тағайындалып, күні бүгінге дейін еңбек етіп келеді.

Станциялық диспетчер ретінде тәжірибесі мол маман жоғары ұйымдастырушылық

қабілетінің арқасында күрделі өндірістік жағдайларда оңтайлы шешім тауып, білімі мен біліктілігін көрсетіп келеді. Павлодар станциясының жұмысын тиімді ұйымдастыру оңай жұмыс емес. Ауысым бастығы ретінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөліп, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын, еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту, кадрларды тәрбиелеу мәселелерін назардан тыс қалдырған емес.

Әріптестері Эрик Сүлейменов станциялық диспетчер ретінде жиырма жылдық тәжірибесі бар майталман маман бола тұра, жұмысына кіріскенде лауазымдық міндеттерін үлкен жауапкершілікпен адал атқаратынын айтады.

– Ол жұмысын өмірінің ажырамас бөлшегі ретінде қабылдайды, үнемі алдына өршіл мақсаттар қояды және соның нәтижесіне жету үшін аянбай еңбек етеді. Бұдан бөлек Эрик Кәрімұлы жылдар бойы жинаған тәжірибесін, білімін жастармен бөлісіп, олардың алға ұмтылысын көргенде қуанып, қолдау білдіріп отырады. Сонымен де жастарға ұнамды, ұжымға сыйлы, – деп жылы лебізін білдірді станция бастығы.

Суретті түсірген автор

## ТОҚСАН ЖЫЛДЫҚ ТАРИХ

Астана белгі беру және байланыс дистанциясы төл мереке қарсаңында 90 жылдық мерейтойын атап өтті. Қос мереке қатар келген салтанатты жиында ардагерлерге құрмет көрсетіліп, мекеменің еңбек озаттары түрлі марапаттарға ие болды. Дистанциялықтарды бір кездері осы мекемеде еңбек жолын бастаған «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Бас инженері Батыр Котырев арнайы құттықтап барды.



**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Жиында дистанцияның құрылғаннан бастап күні бүгінге дейінгі тарихы арнайы дайындалған бейнеролик арқылы жұртшылық назарына ұсынылды. Бүгінде 320 адам еңбек ететін дистанция қызметі СЦБ, байланыс, радиобайланыс және КТСМ құрылғыларының ақаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған. Себебі бұл құрылғылардың дұрыс жұмыс істеуі – теміржолдағы пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің ең басты кепілі.

Дистанция директоры Артур Сарсенғалиев тоқсан жылдық бай тарихты жасауға атсалысқан тұлғаларға арнайы тоқталып өтіп,

мекемені 2001-2004 жылдары басқарған Батыр Котыревқа сөз берді.

Елорда мен оның маңайындағы станциялардың теміржол саласының жұмысын үйлестіріп, белгі беру және байланыс жүйелерімен қамтамасыз етіп отырған дистанция еңбегіне жоғары баға берген компанияның бас инженері әріптестерін қос мерекемен қатар құттықтады.

– Мәскеуде теміржолдың жоғары оқу орнын бітіріп, 1994 жылы осы дистанцияда электромеханик болып еңбек жолымды бастағаным күні кеше секілді. Мұндағы жұмыс тәжірибем маған алдағы қызмет жолым үшін үлкен мектеп болды, білім мен білігімді шыңдады. Кейін өзін басшылық еткен жылдары дистанцияға

жаңа технологиялық жабдықтар алып, автоматтандырылған жұмыс жүйесін дамытуға атсалысқанымды мақтанышпен айта аламын. Сондықтан бұл қараша мен үшін қашан да ыстық және орны бөлек, – деді өз сөзінде Б.Котырев.

Мерекелік жиында «Астана белгі беру және байланыс дистанциясына 90 жыл» төсбелгісімен 30 ардагер, 70 қызметкер марапатталды, бұл төсбелгі сонымен қатар Батыр Котыревке, «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының Автоматика және телемеханика департаменті директорының орынбасары Аманжол Әміренов пен осы департаменттің бөлім басшысы Дәуір Тойбаевқа да берілді. 20 теміржолшыға дистанция басшылығы атынан

Құрмет грамотасы тапсырылды. «Үздік басшы» атағына дистанция директоры Артур Сарсенғалиев, «Құрметті теміржолшы» белгісіне электромеханик Бекболат Молдашев, «ҚТЖ-25 жыл» төсбелгісіне дистанция директорының орынбасары Шоқан Баймолдаев, «Кәсіподақтың 30 жылдығы» медаліне Елубай Ысқақов, «Адал еңбегі үшін» төсбелгісіне Малдыбек Қасымбеков сынды қызметкерлер ие болды.

Мекеме ауласында киіз үй тігіліп, келген қонақтар мерекелік дастарханнан дәм татты. Салтанатты жиында өткізуге мекеме кәсіподағы комитетінің төрағасы Қуаныш Сайымов бастаған қызметкерлер атсалысты.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## Сандық технология

### БАЙЛАНЫСТЫҢ ҮЗДІК ЖҮЙЕСІ

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының ұжымы өткен жылы Майлытоғай станциясында елімізде алғаш рет микропроцессорлық, заманауи Контрл Лок-400 (МПЦ CtrlLock-400) микропроцессорлық сандық технологиясын қолданысқа енгізді.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Қазақстан темір жолында тұңғыш рет қолданылып отырған микропроцессорлық сандық технология 1953 жылы іске қосылған ДВК-3А жүйесінің орнын ауыстырды. Алғашқы тәжірибені сәтті жүзеге асырған Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы өткен жылдың қорытындысымен «Үздік ұжым» атанып, оның бастығы, Құрметті теміржолшы Әкімжан Қосанов «Үздік басшы» төсбелгісін таққан. Өкінішке орай, осы салада нағыз кәсіби маман, білікті басқарушы, ұйымдастырушы болған әріптесіміз жуырда кенеттен қайтыс болды...

Жалпы, Сыр еліндегі екі дистанция да осал емес. Алдыңғы жылдың қорытындысында Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты, Құрметті теміржолшы Ғани Ысқақов басқаратын Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының бағы жанып, үздік атанған болатын.



Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Берік Бекжанов соңғы жылдары қызылордалық сала қызметкерлері аймақ теміржолын өркендетіп жаңартып-жаңғырту бойынша көптеген жұмыстар атқарғанын тілге тиек етті.

– Біздің бөлімшеге қарасты қос дистанция да соңғы екі жылда Ұлттық компания бойынша үздік ұжым аталып, мекемені басқарушы басшылар «Үздік басшы» болып танылды. Үздік аталым телімдерде байланыс құрылғыларының жаңартылуы, заманауи технологияларды қолданысқа сәтті енгізе отырып, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ете білгені үшін беріліп отыр, – деді Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Берік Бекжанов. Контрл Лок-400 (МПЦ CtrlLock-400) микропроцессорлық технологиясын телімге орнату үшін магистральдық желі бөлімшесі

дистанция инженерлерімен бірге арнайы даярлық жүргізді. Жаңа жүйені зерттеу, меңгеру өз алдына, байланыс құрылғыларының үздіксіз жұмысы үшін қолданыс талабына сай оларға күтім жасаумен қатар жаңалау жұмыстары ешқашан тоқтаған емес.

– Біздің дистанция бойынша атқарылған жұмыстарды айтып өтсем, Қызылорда, Жалағаш станциялары мен Анакөл бекеттерінде РСД типті қосалқы тоқ көзі орнатылды. Қаракеткен-Қызылтам-Анакөл аралықтарында екі жақты автобұғаттау сұлбасына өзгертулер енгізілді. Жылдық жоспарға сәйкес 50 дана Р-80 Альстом типті электрлі жетек қолданысқа енгізілді, бұлардың бәрі байланыстың үздік жүйесі саналатын заманауи құрылғылар, – деді дистанцияның байланыс жөніндегі орынбасары Берік Ырзалиев.

Суретті түсірген автор

## Юбилей

**Более 40 лет вносит свой вклад в развитие железнодорожного транспорта Казахстана заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ» Почетный железнодорожник Канат Альмагамбетов – один из тех руководителей, на кого равняются коллеги, чей авторитет непререкаем, а профессионализм, колоссальный опыт, порядочность и преданность делу вызывают всеобщее уважение. В год 25-летия компании Канат Есмуханович отмечает и свой личный юбилей – накануне Дня работников транспорта ему исполнится 60 лет.**

## ПО СУДЬБЕ, ПО ДУШЕ, ПО ПРИЗВАНИЮ

Профессиональная деятельность Каната Альмагамбетова пришлась на самые простые этапы развития стальной магистрали и стала примером ответственности, глубокого знания специфики отрасли и взвешенного подхода к решению стоящих задач.

Сегодня трудно представить, что судьба Почетного железнодорожника могла сложиться иначе – в школьные годы он был настолько увлечен математикой, что по примеру своей учительницы хотел поступать в Томск в педагогический институт. Однако по плану вменялась поездка в Алма-Ату...

Детство будущего железнодорожника прошло в Щучинском районе Кокчетавской области. Его отец Есмухан Манабаевич более 45 лет трудился в Урумкайском лесхозе, половину из которых являлся его бесменным руководителем. Вместе с супругой Куаныш Газезовой они воспитали семерых детей. Из-за специфики работы в лесничестве семье приходилось часто переезжать. Так, первый и второй классы Канат Альмагамбетов окончил в селе Блошинка, затем учился в поселке Лесной Хутор, а в старших классах – в железнодорожной школе города Щучинска.

На тот момент о железной дороге он уже знал не понаслышке. Во время летней кампании по заготовке сена для предприятий в Урумкайское лесничество приезжали представители разных организаций, в том числе и железнодорожники. Есмухан Манабаевич определял места для заготовки, часто бывал в поле и брал с собой в поездку сына Каната. Там он и познакомился с заместителем начальника станции Курорт-Боровое Николаем Дамелевичем, который потом нередко гостил в семье Альмагамбетовых. Его рассказы о железной дороге, сплоченность коллектива, дисциплина, которую школьник видел воочию, произвели на него впечатление.

– В 10-м классе нас повезли на экскурсию в Кокчетавское отделение дороги. Помню, с каким воодушевлением мы наблюдали за работой диспетчеров, рассматривали пульт управления. Для нас, школьников, это была экзотика, – делится Канат Есмуханович. – Примерно в тот же период в Алма-Ате открылся казахстанский вуз по подготовке специалистов для железнодорожного транспорта, и наши учителя говорили: «Кто, если не вы, выпускники железнодорожных школ, должны там учиться?!»

На весенние каникулы юноша вместе с друзьями отправился в Алма-Ату. Зеленая, цветущая столица, ее бурный ритм, яркая молодежь – Канат Альмагамбетов тогда твердо решил, что будет учиться в этом городе. Отбросив планы поступления в Томск, он стал готовиться к экзаменам в Алма-Атинский институт инженеров железнодорожного транспорта. Его примеру последовали некоторые однокурсники. Но в итоге из девяти выпускников железнодорожной школы поступили только двое. Показав блестящий результат, Канат Альмагамбетов мог выбрать любой профильный вуз бывшего Союза, но он не изменил своего намерения учиться в Алма-Ате и был зачислен на специальность «эксплуатация железных дорог» в АЛИИТ. К слову, в год поступления символично День железнодорожника выпал на 6 августа – день его рождения.

О студенческих годах он вспоминает с особой теплотой – как о самых лучших и интересных. Отличник учебы, Альмагамбетов получал ленинскую стипендию, был членом ученого совета факультета и с третьего курса возглавлял факультетскую комсомольскую организацию. Первую производственную практику прошел в родных краях – помощником составителя поездов на станции Курорт-Боровое. А окончив университет с красным дипломом в 1983 году, на распределительной комиссии получил предложения сразу от нескольких железнодорожных предприятий, в том числе приглашение на должность старшего инженера службы перевозок на Алма-Атинской магистрали.

Но, следуя советам своих преподавателей, молодой специалист принял решение начинать трудовой путь с азов. Он устроился составителем поездов на станцию Алма-Ата-1. А через несколько месяцев Каната Альмагамбетова забрали в армию. После службы в рядах вооруженных сил железнодорожник решил вернуться домой – в Щучинск.

### ФОРМУЛА УСПЕХА

Летом 1985 года он устроился оператором поста централизации на станции Курорт-Боровое. Вскоре назначен дежурным по парку, а затем – дежурным по станции. Время было

интересное, новаторское – развивалось скоростное движение, начали ходить первые электровозы, длиннооставные, тяжеловесные поезда. Через год ответственным и грамотному специалисту предложили должность заместителя начальника станции Новошымская, где Канат Альмагамбетов, по его признанию, прошел большую профессиональную школу.

– Я часто говорю, что мне повезло на опытных наставников, движущих, готовых поддержать и помочь в любой ситуации. Среди них – начальник станции Курорт-Боровое Мухтар Абдрашитов, его заместители Лесовой, Баранов. А на станции Новошымская коллектив был молодой. Осложняли работу текучесть кадров, отсутствие порядка в эксплуатационной работе, аномальные ветра, бураны. Среди железнодорожников даже бытовало мнение: кто пройдет Новошымскую, сможет работать дальше, – вспоминает Канат Есмуханович.

Талант это или привычка – все делать на «отлично», но именно это качество характеризует Каната Альмагамбетова как работника. На каком бы участке он ни трудился, всегда добивался положительных результатов. И станция Новошымская не стала исключением. За четыре года работы вместе с коллегами ему удалось значительно выправить сложившуюся ситуацию.

В 1990 году его назначили начальником станции Кокчетав-2, а через восемь месяцев – главным инженером внеклассной станции Кокчетав, которую спустя еще два месяца возглавил.

**ТАЛАНТ ЭТО ИЛИ ПРИВЫЧКА – ВСЕ ДЕЛАТЬ НА «ОТЛИЧНО», НО ИМЕННО ЭТО КАЧЕСТВО ХАРАКТЕРИЗУЕТ КАНАТА АЛЬМАГАМБЕТОВА КАК РАБОТНИКА. НА КАКОМ БЫ УЧАСТКЕ ОН НИ ТРУДИЛСЯ, ВСЕГДА ДОБИВАЛСЯ ПОЛОЖИТЕЛЬНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ.**

Это было сложное, переломное время – задержки зарплаты, снижение объемов перевозок. Безболезненно преодолевать все трудности помогла поддержка и взаимопонимание в коллективе.

В 1994 году Канату Альмагамбетову предложили перейти на должность начальника отдела перевозок Кокчетавского отделения дороги. На тот момент он стал самым молодым руководителем отдела перевозок на Целинной магистрали.

– И снова назову людей, которые на разных этапах всячески опекали и поддерживали меня, технически грамотные, требовательные профессионалы: Ахмет Касаев, Серик Туспов – «движенец до мозга костей», которого я считаю своим учителем, Амангельды Касимов, Галим Гайнутдинов... – перечисляет Канат Есмуханович. – В моей жизни было много руководителей, с которыми пришлось работать, и каждый из них внес лепту в мое становление.

В 1995 году перспективному работнику доверили еще одну высоту – должность заместителя начальника службы перевозок Целинной железной дороги. Это был основной погрузочный регион Казахстана, и дорога обслуживала крупные промышленные предприятия страны. В условиях распада производственных связей из-за развала СССР возникали трудности с передислокацией вагонов, деятельностью таможенных пограничных служб, но железнодорожники достойно прошли все испытания.

– Тяжелый был период в истории Казахстанской железной дороги: хронические неплатежи, задержки зарплаты и недовольство работников. В то же время поступало много критики со стороны промышленных предприятий из-за того, что им вовремя не подавали вагоны. Приходилось взаимодействовать с коллегами по всему Казахстану, чтобы весь этот процесс не сорвать, обеспечивая и подачу под погрузку, и передачу, – рассказывает руководитель.

### В НОВЫХ УСЛОВИЯХ

С образованием РГП «Казахстан темір жолы» в 1997 году Канат Альмагамбетов стал начальником службы перевозок Целинной магистрали. А после следующей реструктуризации возглавил отдел перевозок Акмолинского отделения перевозок.

В 1998 году назначен начальником Пав-



лодарского отделения перевозок. Через год – начальником Главного управления перевозок РГП «Казахстан темір жолы», затем около двух лет был заместителем департамента грузовых перевозок КТЖ, вскоре – директором этого департамента и в 2001 году стал руководителем ДПП «Грузовые перевозки».

– Нашим реформаторам, в частности Аблау Мырзахметову, в те годы приходилось прилагать много усилий, чтобы нас, железнодорожников, переломить. Преобразования были революционными: отделить инфраструктуру, перевозчиков, выделить отдельный вагонный парк, ремонтную базу, избавиться от непрофильных активов. Мы не признавали этого. Сложно было осмыслить, что перемены нужны и что они неизбежны: либо мы их принимаем и адаптируем под наши условия, или это будут делать другие, – признается Канат Есмуханович.

По прошествии лет многие из решений ему кажутся единственно верными: например, выделение инвентарного парка компании. Если бы его не отдали в рынок и не создали отдельного оператора, КТЖ постоянно находилось бы под регулируемым прессом. – Пойдя на этот шаг, мы создали равные условия для других частных операторов, чтобы они развивали свои парки. И сегодня парк Казтеміртранс в общем объеме составляет порядка 40%, – говорит Альмагамбетов. – Правильно также, что создали ремонтные предприятия, которые оказывают услуги как нам, так и частным собственникам.

Единственное, с чем так и не согласился железнодорожник, – это разделение перевозчика и инфраструктурой.

**НЕОЦЕНИМЫЙ ВКЛАД**  
Успешно организовав перевозки сверхгабаритных грузов (500 тонн) ООО «Тенгизшвейройл» от порта Актау до Кульсары, помимо поощрения, Канат Альмагамбетов получил предложение стать вице-президентом по грузовой и коммерческой работе вновь созданного АО «Казжелдортранс».

С 2008 по 2015 год знания, опыт и организаторские способности нашего героя пригодились во время работы управляющим директором по перевозочному процессу АО «НК «КТЖ», руководителем аппарата, советником президента компании. Ввод новых железнодорожных линий, развитие отрасли отечественного машиностроения, повышение транзитного потенциала и имиджа КТЖ – Канат Альмагамбетов внес вклад в каждое из достижений отрасли того периода.

С 2015 по 2018 год был генеральным директором Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS», а с 2018 года является заместителем председателя правления АО «НК «КТЖ».

К своему юбилею Канат Есмуханович подошел с колоссальным багажом знаний, снискав уважение коллектива за высокий профессионализм и принципиальность.

Надежным тылом для руководителя является его семья – супруга Сайран Биляшкызы, дети и внуки.

Заслуги Каната Альмагамбетова отмечены высшей отраслевой наградой – знаком «Почетный железнодорожник», орденом «Күрмет», юбилейной медалью «Казахстан темір жолына 100 жыл», нагрудными знаками «Біртұтас Қазақ темір жолына 50 жыл» и «Достық – Алашанькоу темір жолдарының түйіскеніне 20 жыл» и многими другими.

Биография Почетного железнодорожника давно стала частью истории стальной магистрали Казахстана, и нет сомнений, что впереди – еще немало новых славных страниц.

Любовь РОББА  
Фото Александра ЖАБЧУКА

## ПОЕЗД ВОСТРЕБОВАН ПАЦИЕНТАМИ

Айлин БАУРЖАН,  
Нур-Султан



Специализированный медицинский поезд «Саламатты Қазақстан» прибыл в Павлодарскую область. С 31 июля по 16 августа 2022 года врачи проведут бесплатные медицинские осмотры жителей отдаленных станций и близлежащих к ним населенных пунктов.

«Саламатты Қазақстан» медицинский поезд		График работы медицинского поезда «Саламатты Қазақстан»	
Павлодар облысы / Павлодарская область		31.07-16.08.2022	
Май (рл)	31.07 - 31.07	Жұмыскер/Жұмыскер	01.08 - 01.08
Коктобе/Коктобе	02.08 - 03.08	Курман / Курман (рл)	04.08 - 04.08
Марады	05.08 - 05.08	Курман / Курман	07.08 - 09.08
Калкаман / Калкаман	10.08 - 12.08	Карасор / Карасор	13.08 - 14.08
Шидерты / Шидерты	15.08 - 16.08		

Поезд «Саламатты Қазақстан», следующий по республике с 20 июня 2022 года, с 11 по 30 июля провел обследование и лечение пациентов на разъездах и малых станциях Восточно-Казахстанской и Абайской областей.

В частности, в Восточно-Казахстанской он останавливался на пяти станциях: Предгорная, Черемшанка, Бухтарма, Заводинка и Тургусун, где врачами обследованы 857 жителей, в том числе 104 ребенка. Проведено 185 малых хирургических операций, сделано 511 ЭКГ, 26 ФЛГ-процедур, 659 УЗИ.

Сейчас поезд продолжает работу в Павлодарской области. Он уже отработал на разъезде Май, на станциях Жұмыскер, Коктобе. Далее, согласно расписанию, прием жителей продолжится в Курколе, Маралды, Куркамьсе, Калкамане, Карасоре и Шидерты. Специалисты консультационно-диагностического поезда ведут прием с девяти утра до шести вечера.

Жительница станции Тургусун Марта Моисеева сердечно поблагодарила специалистов медпоезда и отметила внимательность и неравнодушие каждого из них к пациентам, пожелала здоровья и семейного благополучия.

– Самые распространенные заболевания среди жителей отдаленных сел из обследованных областей – смешанный астматизм, артрит, артроз, ишемическая болезнь сердца, хронический бронхит, артериальная гипертензия, – говорит ЛОР-врач Сакен Какенов.

Также он отметил, что второй раз участвует в проекте и рекомендует жителям отдаленных поселков придерживаться советов врачей и принимать назначенные препараты.

Ожидается, что до конца года медицинский поезд «Саламатты Қазақстан» посетит 67 отдаленных станций страны. Его маршрут охватывает десять областей Казахстана.

Фото автора

## СПРАВЯТСЯ С ОГНЕМ И МОРОЗАМИ

Ольга УШАКОВА,  
Усть-Каменогорск



Пожароопасным периодом в природных зонах Защитинского региона считается апрель-октябрь, но в этом году пожарный поезд на станции Оскемен-1 в тушении пожаров вблизи железной дороги не задействовались – их просто не было. Однако работники поезда не сидят сложа руки. Сейчас они заняты подготовкой поезда к зимнему периоду.

– Хотим завершить подготовку к концу августа, – рассказал начальник пожарного поезда на станции Оскемен-1 Муханбет Омирбеков. – Мы провели ревизию, ремонтируем систему отопления. Промыли ее, промазали краны, поменяли детали, требующие замены, меняем соединения между вагоном и цистерной. Помимо ремонта системы отопления сделали ремонт караульного помещения, кабинета. Всю работу осуществляем своими силами.

По его словам, пожарные поезда на 100% обеспечены спецодеждой и спецообувью. После работы, связанной с подготовкой к зиме, в третьем квартале пройдут пожарно-тактические учения по отработке навыков тушения пожаров локомотива и здания ТО-2.

В Защитинском регионе нет предприятия «Теміржолсу», а также пожарных гидроколонок, поэтому руководство пожарного поезда на станции Оскемен-1 заключило договор с муниципальным коммунальным предприятием «ОскеменВодоканал», работники сами отремонтировали пожарный гидрант, который находится в его собственности. Но поскольку подавать воду из гидранта в люк цистерны пожарного поезда, который расположен на ее крыше, было не очень удобно, Муханбет Омирбеков оборудовал его сухотрубом по всему периметру. Теперь не нужно поднимать наверх тяжелые пожарные рукава во время заполнения цистерны, поддерживать их, стоя у люка при подаче воды к месту тушения огня. Это облегчило условия труда личного состава пожарного поезда, сделало их работу более безопасной.

## КАДР САЯСАТЫ – КҮРДЕЛІ ЖҰМЫС

«Жолаушылар тасымалы» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Майра Ермаханбетованың персоналмен жұмыс тәжірибесі өте үлкен. ҚТЖ-ға 2008 жылы ҚР Президент әкімшілігінен арнайы шақыртумен келген маман – бүгінде еншілес компанияда кадр жұмысын жолға қойған білікті басшылардың бірі.



Көп жыл мемлекеттік қызметте жұмыс істеген Майра Ермаханбетованың бірнеше жоғары білімі бар. Гуманитарлық, техникалық мамандығы бар және ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын бітірген. Бүгінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ға қарасты 5 филиал мен «Вагонсервис» АҚ және «Қала маңы тасымалы» АҚ сияқты мекемелердің кадр ісі бойынша тікелей және жанама түрде жүргізілетін жұмыстарын басқаратын Майра Сейфуллақызы бір кездері теміржолда жұмыс істеймін деп еш ойламапты. Бірақ арнайы шақырумен келген соң сенімнен шығу үшін осы саланы жан-жақты меңгеріп, кадр саясатын түсінуге көп уақыт жұмсады.

– Кадр саясаты – күрделі жұмыс. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, оларды іште басқа жұмыстарға ауыстыру, кезекті еңбек демалысын есептеу, бала күтіміне байланысты демалыстарды рәсімдеу, оқуға аттанғандар құжатын жасақтау, жеке даму жоспарының орындалуын, сыйақы мен жалақыны есептеушілердің жұмысын қадағалау, жыл сайын өзгеретін еңбекақы төлеу жүйесіне көшу, тағысын тағы жұмыстар жүктелген біздің департаменттің жұмысы оңай емес. Одан бөлек пойыз бригадасының бастығы болып көтерілетін жолсеріктердің нұсқаулықтарды дұрыс өтуін қадағалап, қызметкерлердің жыл сайын стандарттарға сәйкес кәсіби деңгейін көтеруге бағытталған жұмыстарды жүргіземіз, – дейді кейіпкеріміз.

Теміржолдағы кадрмен жұмыс істеуде бұрынғы мемлекеттік қызметтегі мол тәжірибесі көмегін тигізгенін айтады. Жолсеріктерді конкурстен жұмысқа қабылдау, арнайы курстан өтуді міндеттеу сынды талаптарды енгізуде Майра Ермаханбетова басқаратын департамент аз еңбек сіңірген жоқ.

– Бұрын жолсеріктерді тамыр-таныстықпен арнайы білімі болмаса да жұмысқа ала беретін болған, қазір міндетті түрде теміржол саласында кем дегенде орта арнаулы кәсіптік білімі және 3-6 айлық немесе 1 жылдық жолсерік курсының оқығаны туралы сертификат талап етіледі. Сонымен қатар арнайы конкурстан өткендер ғана жұмысқа қабылданады. Жолсеріктердің жалақысы соңғы жылдары бірнеше рет көбейді. Оқыту шаралары кезінде олардың күйзеліске төзімділігі, қызмет этикасы тексеріледі, – дейді ол.

Салаға сіңірген еңбегі үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы тарапынан бірнеше рет Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарға ие болған, 2014 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған кейіпкеріміз бос уақытын әйел-ана ретінде отбасына арнап, немерелеріне әже болуды да ұмытпайтынын айтады.

**Райхан РАХМЕТОВА**  
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## «ҮЗДІК ДӘНЕКЕРЛЕУШІ» САЙЫСЫ ӨТТІ



Атбасар электровоз жөндеу зауытының базасында алғашқы рет «Үздік дәнекерлеуші-2022» кәсіби шеберлік байқауы өтті. Оған «Қамқор Локомотив» компаниясының барлық филиалдарынан келген мамандар қатысты.

Байқаудың мақсаты – дәнекерлеуші мамандар теориялық және практикалық білім-біліктіліктерін көрсетіп, өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік беру. Сонымен қатар еңбек ұжымының үздік дәстүрлерін сақтауда және жұмысшы мәртебесін арттыруда маңызы зор дейді оны ұйымдастырушылар.

– Байқау екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде дәнекерлеушілер теориялық білім жарыстырып, компьютер арқылы тестілеу сұрақтарына жауап берді. Бұл сайыс балдық жүйе бойынша бағаланып, нәтижесі автоматты түрде шығарылды. Екінші сайыс практикалық біліктілікті тексеруге негізделген. Яғни, дәнекерлеушіге қандай да бір бөлшек беріледі, ол оны белгілі бір уақыт ішінде дәнекерлейді. Нақты бір әдістеме арқылы дәнекерлеу жұмысының сапасы, шапшаң пісірілуі, тігісі, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауы тексеріледі. Осы екі кезеңнің қорытындысы бойынша үздік дәнекерлеуші анықталды, – дейді «Қамқор Локомотив» ЖШС-нің



техникалық директоры Жанатбек Адамбаев.

Байқау барысында оған қатысушылар диаметрі 150 миллиметрлік құбырды дәнекерледі. Оны пісіру барысында дәнекерлеушілердің өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауы, жеке қорғану құралдарын киюі, тағысын тағы талаптардың сақталуы бақылауға алынды. Комиссия қорытындысы бойынша бірінші орынды атбасарлық Дархан Мұстафиннің жұмысы жоғары бағаланып, жүлделі 1-орынға лайық деп танылды. 2-орынды елордадан келген Тимур Зейналиев, ал үшінші орынды тараздық Михаил Горьковский еншіледі.

**Ислам ТАЛҒАТ**  
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## Спорт

Слесарь по ремонту подвижного состава ПТО Железнодорожное Костанайского эксплуатационного вагонного депо Мирас Баршылыков стал победителем крупнейшего международного турнира Ion Corniani Ladislau Simon по греко-римской и вольной борьбе, проходившего Румынии.

## ПОБЕДА ПОД ФЛАГОМ ҚТЖ

Причем самая большая победа к 28-летнему борцу пришла с того момента, как он устроился на работу в ҚТЖ.

Мирас Баршылыков – трехкратный чемпион Казахстана, двукратный серебряный призер РК, многократный серебряный и бронзовый призер различных международных турниров, мастер спорта, член национальной сборной Казахстана по греко-римской борьбе. Данным видом спорта он занимается вот уже двадцать лет. Но до нынешней победы, как признается спортсмен, на международных турнирах он становился лишь вторым либо третьим.

– Выступать на соревнованиях за границей и у себя дома – совсем разные вещи, – признается Мирас. – Недаром спортсменов делят на «выездных» и «домашних». За границей на тебя давит огромный психологический груз. И справиться с ним непросто. Раньше мне это не всегда удавалось. Но с тех пор как я пришел на работу в ҚТЖ, почувствовал



здесь огромную поддержку, и именно это принесло мне победу на таком крупном турнире.

В международном турнире Ion Corniani Ladislau Simon, проходившем в Будапеште (Румыния), принимали участие спортсмены из 26 стран. Сами борцы этот турнир называют «малым чемпионатом мира». И здесь сборная Казахстана по греко-римской борьбе уверенно, с большим отрывом завоевала первое общекомандное место. И немалый вклад в этот успех внес костанайский железнодорожник Мирас Баршылыков, выступивший в весовой категории до 82 килограммов. Хотя в финале ему достался самый сложный соперник – двухметровый китаец.

– Бросать такого высокого соперника очень непросто, он словно из другой весовой категории, – рассказывает чемпион. – Но мне удалось одержать победу. Примечательно, что, стоя ступенью ниже на пьедестале, из-

за своего роста он возвышался надо мной.

По возвращении Мираса в Костанай на вокзал его торжественно встретили члены семьи, друзья и коллеги-железнодорожники, ставшие для спортсмена второй семьей. По казахской традиции, его осыпали «шашу», звучали звуки национальной домбры, а потом все желающие еще долго фотографировались с победителем.

Приветствуя и поздравляя спортсмена с такой значимой победой, директор филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Айбек Казымов подчеркнул ее важность для всей страны и компании, а также пообещал ему дальнейшую помощь от коллектива железнодорожников. И такая поддержка спортсмену скоро понадобится: в августе ему ждут Олимпиаду среди мусульманских стран в Турции.

**Аслан КУДАБАЕВ, Костанай**  
Фото автора

## МАСТЕРА ШАХМАТНЫХ ДЕЛ

Сотрудники АО «НК «ҚТЖ» из разных регионов страны приняли участие в праздничном онлайн-турнире по шахматам, посвященном Дню работников транспорта РК.

Турнир организован на игровой шахматной платформе lichess.org в рамках сотрудничества АО «НК «ҚТЖ» с учебно-образовательным центром «Мерей».

Лучших выбирали по двум отдельным категориям: «Мужчины» (38 участников) и «Женщины» (8). Главным судьей выступил КМС Гажайып Мукажанов.

Все участники продемонстрировали высокое мастерство и волю к победе. К тому же ряд из них уже имеет за плечами

многолетний опыт соревнований, разряды и звания кандидатов и мастеров в этом интеллектуальном виде спорта.

Борьба за призовые места среди мужчин выдалась особенно конкурентной – каждая партия держала в напряжении до последних минут. Однако сильнейшим стал представитель Алматы Даурен Сарубалдин, вторым – Уакбай Тоғусов (Ақтөбе), третьим – Альберт Колдасбаев (Алматы).

Среди женщин лучшей стала неодно-

кратная победительница таких турниров – инструктор-организатор по спорту Шымкентского региона Елена Маньшина. «Серебро» – у Елены Купцовой (Костанай), завоевала тройку призеров Гульжан Аманова (Уральск).

– Турнир собрал сильных участников. Шахматы – достаточно популярный вид спорта среди железнодорожников. Они регулярно посещают занятия, которые мы проводим в рамках сотрудничества с АО «НК «ҚТЖ», и уровень мастерства заметно растет. Руководство нацкомпании создает любителям шахмат все условия для развития, и результаты не заставляют себя ждать, – отметила директор центра «Мерей» Султангуль Туякбаева.

**Любовь РОББА**

## ОН КОМАНДА САЙЛАНЫП ШЫҚТЫ



Маңғыстау станциясында өткен шағын футбол жарысы Көлік қызметкерлері күні мен Қазақстан теміржолының 25 жылдық, Сала кәсіподағының 30 жылдық мерейтойына арналды.

Жергілікті теміржол мекемелері арасында өткен бәсекеге он команда қатысты. Соның ішінде жүк тасымалы, магистральдық желі, жолаушы тасымалына қарасты барлық салалардың өз командалары жарыс жолына сайланып шықты. – Мерейтойлық жарыстар бұған дейін де бірнеше рет өткен, әлі де жалғасуда. Сайыстар «Женіс» спорт кешенінде өтіп жатыр. Нысанды теміржолшыларымыз бос уақытында спортпен шұғылданыу үшін жалдап



алғанбыз. Онда үнемі жаттығып, жұмыстан тыс уақытын шынығуға жұмсайтын әріптестеріміз көп, – деді айтулы даталарға орай өтіп жатқан жарысты жылы лебізбен ашып, командаларға сәттілік тілеген теміржолшылардың орталық кәсіподағының өңірдегі өкілі Әзірбай Тұрмағанбетов.

Ойын нәтижесінде Ақтөбе жолаушылар тасымалы Маңғыстау телімінің жігіттері бірінші орынды, локомотив депосының командасы екінші орынды, вагон шаруашылығының жігіттері үшінші, ал белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары төртінші орынды иемденіп, жеңімпаздар кубок, диплом және қаржылай сыйлықпен марапатталды.

**Айсұлтан АРМАН, Маңғыстау**  
Суретті түсірген автор



## ОПРЕДЕЛИЛИ ЛУЧШЕГО

В Екибастузской дистанции пути прошел турнир по мини-футболу, посвященный Дню работников транспорта и 30-летию профсоюза.

В спортивном состязании, организованном профсоюзным комитетом Екибастузской дистанции пути, приняли участие девять команд из числа сотрудников дистанции. Каждый из них ведет активный образ жизни, время от времени участвуя в различных соревнованиях. Турнир по мини-футболу прошел на открытом воздухе на стадионе.

По итогам соревнований обладателем заветного кубка стала команда производственного участка №1, второе место – у участка №2, третье место занял производственный участок №4. Победители и участники спортивного мероприятия награждены грамотами.

**Жанара ЖУСУПОВА, Павлодар**  
Фото автора



Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

Газет басылатын қалалар:  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігі айналысады.  
© «Қазақстан теміржолшысы»  
газетінде жарияланған  
материалдарды  
көшіріп немесе өңдел басу үшін  
редакцияның жазбаша рұқсаты  
алынып, газетке сілтеме жасалуы  
міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен  
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:  
**Р. Рахметов, С. Бакесова**

Меншікті тілшілер:

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушанова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабыржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Жамбыл:** Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Костанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде №601 тіркеу күші берілді.